

Осылай мұнай тұтқырлығы төмендейді. Екінші деңгейлік сепаратордан кейін мұнайдан судың толығымен бөлінуі ООВ 0,5%-ке дейін жететін коалесцерге орта насостармен түседі, ал мұнай келесі сақтағыш үшін 70⁰С-қа дейін суиды. Жағаға мұнай танкерлер арқылы жеткізіледі.

Sulzhong 36-1 (Sz36-1) – Бохайвань жағалауында орналасқан. 2005 жылдан бастап әр жылғы мұнай және газ өнімі жағалауда 20 млн. тоннаға жетіп, бұл аудан Қытайдың шельфтегі үш ірі мұнай өндіруші аудандарының қатарына қосылды.

1993 жылы газдың коммерциялық өндірілуі басталды. Дәлелденген мұнай қорлары 317 млн баррельді құрайды, ол шельфтегі ең ірі кен орны болып табылады. Оны екі фазада меңгереі:

1. Екі сағалық платформа және FPSO фазалары;
2. Жеке өңдеуші платформа, 6 сағалық және мұнай тасымалдау үшін жағаға дейінгі 70 км ұзындықты мұнай құбырлары төселген.

Мұнайдың тәуліктік өнімі – 75 мың баррель.

Pengia19-3 – Қытай шельфіндегі аса ірі мұнай кен орны. Барланған мұнай қорлары 750 млн баррель, оны 2002 жылдан пайдаланыла басталды. Қазіргі таңда өнімді 40 мыңға болжамдаған қалпына келтірудің бірінші фазасы жалғасуда, 2005 жылы тәулігіне 150 мың баррель мұнай өндіретін екінші фаза басталды. Сонымен қатар күніне 190 мың баррель, 1,9 млн баррель сақтайтын жаңа FPSO салынады.

Qinhuangdao (QHD-32-6) – Бохайвань жағалауындағы тереңдігі 20 м-ге жететін мұнай кен орны. Барланған қоры – 109 млн баррель. Әр жылдың өнімі 20 млн тонна, өнімді дайындау 1 млн баррель көлемді сақтаумен күніне 80 мың баррель өңдей алатын FPSO “Bohai Shiji” жүзеге асырылады.

Газ. Газдың көп бөлігі Сычуань провинциясының жағалауында өндіріледі. Қытай өзінің табиғи газ кен орнын жақын арада қалыптастыра бастады, сондықтан оны тасымалдануын қамтамасыз ететін капиталдың үлкен көлемді төлемдері қажет.

Ең ірі шельфті газ кен орны Yacheng B-1(ҮОВ-1) дәлелденген қорлары 100 млрд. м.куб. Ол Оңтүстік-Қытай теңізінің батыс бөлігінде орналасқан. Газ өндіру 1996 жылы басталды және жылына 3,4 млрд. м.куб газды құрайды. Бұл газ 800 км ұзындықта теңіз құбырлары арқылы Сянганға электрэнергиясын өндіруші зауытына тасмалданады. Тағы бірі 100 км ұзындықтағы газ құбырын кен орынды Хайнань аралығымен байланыстырады.

Bongfang I-I (DF1-1) Оңтүстік-Қытай теңізінің батыс бөлігінде 75 м тереңдікте орналасқан. Дәлелденген қорлары 3,274 млн. фут.куб. Орнатудың бірінші фазасы 116 км ұзындықты теңіз құбырын Хайтнань аралына көбейту өнеркәсіптік зауытқа салуды болжамдайды.

Dinghu кен орны (PH) Шығыс-Қытай теңізінде орналасқан, онда газ бен мұнай өндіріледі. Пайдалану 1999 жылы басталды. 15 жыл аралығында 1,2 млн. м.куб газ өндірілетіні болжануда. Дәлелденген қорлары 14,65 млрд. м.куб газ және 107,8 млн. тонна. Кен орында өнімді дайындауда платформалар орнатылған, мұнай мен газ жағаға құбырлармен тасмалданады.